



БҰЛ СОҒЫС ТА ҚАЗАҚТЫҢ БІР ТАРИХЫ



Саяси тұрғыдан келгенде, қазір бүкіл әлем елдерінде, міне, жұртымыз атсалысып, атап өткелі отырған Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты көзқарас құбылып, өзгеріп, қилы-қилы пікір айтылуда. Көптеген елде бұл соғысты «орыс-герман соғысы», ал оған қатысқан одақ елдерін еріксіз соғысқа қатысып, Ресей, Украина, Беларусь тәрізді славян тектес елдердің жерін қорғаушылар ретінде ғана таниды.

(Жалғасы 5-бетте)

«ӨҢІРДЕГІ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ҮЛЕСІ АРТЫП КЕЛЕДІ»

– Бағлан Абайбекұлы, еліміздегі кез келген өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ең алдымен ондағы тұрғындардың саны мен көші-қонынан байқалады. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы бойынша департамент басшысы ретінде өңірдегі ахуалды қалай бағалайсыз?

– Дұрыс айтасыз, кез келген аймақтағы әлеуметтік экономикалық жағдай халық санына тікелей байланысты. Қазір мысалы, Алматы облысы халқының саны 1568,8 мыңға жетті. Оның ішінде қалалықтар – 304,1 мың адам (19,4%), ауыл тұрғындары – 1264,7 мың (80,6%). Демек, бұл көрсеткіш тек санға ғана емес, сапаға, өмір сүру салтына да әсер етіп отыр. Өңірде өмір сүру сапасы көтерілген, әлеуметтік ахуал экономиканы әртараптандырып дамытып, салаландырып жатыр.

Халықтың табиғи өсімі үстіміздегі 2025 жылдың екі айында 2869 адамды құрады. Былтырғы сәйкес кезеңде бұл – 4019 болған. Көші-қонға келетін болсақ биыл онда да оң айырма қалыптасты. Нақты айтқанда ол 3264 адамды құрады. Енді көші-қонның құрылымына көз жүгіртер болсақ оң айырма сыртқы көші-қонда – 1065 адамды, ішкі көші-қонда – 2199 адамды құрап отыр. Бұл ненің көрсеткіші? Бұл – аймақтағы әлеует көтеріліп, елдің нарық заманына икемделе бастағанын көрсетеді. Еңбек қатынастарындағы жағдай әр өңірге инвестициялану процесімен тұрақтана бастады, жұмыс орындарының саны артып, экономикалық әртүрлі жобалар қолға алынууда. Бұның бәрі ішкі еңбек қатынастарын реттеп, ішкі экономиканың тұрақты, әрі ақырындап оң бетбұрыстарға қадам басқанының дәлелі.

– Еңбек нарығында қандай өзгерістер бар?

– Еңбек нарығындағы жағдайға келетін болсақ, соңғы кездері 15 және одан жоғары жастағы жұмысқа қабілетті адамдар саны 751,3 мыңды құраған.

(Жалғасы 6-бетте)

АҒАЙЫНДЫ АЛТЫ АРЫС

...Қызыл қырғыннан аман қалған азғантай «Айтбай әулеті» қырық бірінші жылы етік киіп түгел сапқа тұрады. Қатарында Нұржау мен Құжаты, Төлеу, Қабдөш, Нұржігіт және он алтыға толар-толмас жасында «он сегіздемін» деп алдап, ағаларымен бірге соғысқа аттанып кете барған – Мырзағали Мәжитов. Мұның Мәжитов болып жазылуы да қызық. Алдындағы бес ағасы Мауытов, Мауытов,... дей берген соң, кезек тура осыған келгенде военкомның: «Бұл не қылған таусылмайтын Мауытов?!», деген қатқылдау таңданысына шын жасын жасырып, ағаларымен бірге аттануға асыққан Мырзағали: – Мәжитов, – деп айтып, солай жазылып кете барған. Мәжитов демекші, осы Айтбай аталығынан тарайтын үлкен әкеміз Мәжит (Әбдімәжит) Ығылманұлының (өзінің аталас інісі) атын сөйтіп өзіне пәмиле қыла салған екен. Бұдан қалған ескерткіш – ескілеу ғана жалғыз фотокәртішкі. 1941 жылы майдан шебінде түсіріліпті. Әжем марқұм, әскери киімдегі осы сүгіретті көрген сайын «Ерке қайным-ау, әлі бала еді ғой» деп жанын бір сығып алатын.

«ОТАМАЛЫ»

1953 жыл.

Ойылдың атақты Қызыл-Школында (ШКМ)-да 7 сыныпта оқып жүрген кезім. Мектебі-

міз Тал-Тоғайдан 7 шақырым жерде. Бір топ бала қысы-жазы жаяу қатынап оқимыз. Сол Тал-Тоғайда Балерке деген сауыншы апайдың үйінде жатып оқимын, тұрмысымыз өте нашар, киім-тамақ жоқтың қасы. Өз

Солай, «Алпыс үйлі Айтбайдан» аман қалған алтау түгел алапат соғысқа аттанғанда Нұржау қайнағасының жалғыз Сәдуақасты менің әжем Айкенже бауырына басыпты. «Әуелей ұшқан алты қаздың» артында қалған сол екі жетімектің тілеуіне соңғы алтаудан оқ жыртқан өңешін тікелей мыс түтікшемен жалғаған жалғыз менің атам Құжаты аман оралады. Оның өзі де бір отамалыда қалқоздың малы мен көмекші шопан жас баланы аман алып қаламын деп ақтүтектен арпалысып жүріп тамағындағы темір түтікшеге мұз қатып, тұншығып өлген деседі...

2015-тің желтоқсан айында Ойыл ауылының тұрғыны Сағынбай Қаумешов деген ағамыздың осы естелігі қолыма түсіп азамат ағам алғысымды жолдағанымда, Құжаты атамның есімі Ақшатаудағы ескерткіш тақтаға жазылғанын естіп және бір қуандым.

Иә, «батыр болып тұмайды...» демекші, сұрапыл соғыстан мүгедек болып оралса да, Отанына соңғы демі қалғанша қызмет еткен Құжаты шалдың немересі болғанымды мақтан тұтып өтемін...

үйім Тал-Тоғайдың солтүстігінде 8-9 шақырым жердегі Төрт-Тоғай деген малшы ауылда. Әкем қойшы. Үйде менен бөлек 3 інім бар. Олар Қіскене-Тоғайдағы бастауыш сыныптарда оқиды. Әлі есімде, сол жылдың


4 наурызы күні мектепте радиодан И.В.Сталиннің «қатаң» жатқанын естідік. Сталин қайтыс болса не болар екен? – деген оймен ауылға келдім. Ерtesіне, яғни 1953 жылдың 5 наурызы күні сабаққа келсем, мектептің қызыл-бұрышында бүкіл мұғалімдер мен оқушылар Сталиннің қайтыс болғаны туралы Молотовтың азалы хабарын тыңдап тұр екен. Мектепте қаралы жиын өтті. Зейнолла Сағиев деген жас мұғалім баяндама жасады. Мектеп коллективі Отанға адал қызмет жасауға ант беріп қаулы алынып, үлкен-кіші барлығы да көздеріне жас алысты.

Наурыздың 24 күні көктемгі демалысқа шыға салысымен, ауылыма, яғни Төрт-Тоғайға шықтым, жердегі қар әлі сіреу, қалың, еритін түрі жоқ. Қолымдағы бар қаруым бір таяқ, жол ортасына келгенімде оң жағымдағы Қаратау деген жердегі молалар тұсынан 5-6 қасқыр шығып, өзеннің бойындағы қамыс арасына кіріп көрінбей кетті.

Алдымнан шығып қалады-ау деген қорқынш денемді билегенімен, түс ауа аман-сау үйге де жеттім.

(Жалғасы 8-бетте)

2-бет



Ата Заң –
тұрақтылық тірегі

3-бет



Ер есімі – ел есінде

4-бет



Шынды өндіріп алу институты
– құқықтық механизмнің бірі

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ТАЛ ЕГУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Шеңгелді ауылдық округі Қапшағай су қоймасының жағасында тал егу жұмыстары басталды. Шетелдік инвесторлардың бастамасымен бұрын қараусыз қалған ауылшаруашылық алқаптары болған 1500 гектар жерге 3,5 миллион түп ағаш көшеттерін отырғызу жоспарланып отыр.

Оларды суаруға суды үнемдейтін заманауи тамшылатып суару технологиясы қолданылмақ. Жобаның мақсаты – табиғи ортаны қалпына келтіру, топырақ жағдайын жақсарту және 30 жыл ішінде көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту. Жоба халықаралық экологиялық

стандарттарға сәйкес келеді және ССВ Gold пен Abacus бағдарламалары бойынша жоғары рейтингке қол жеткізу үшін сынақтан өтіп жатыр.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БЕКІРЕ—2025

ЗАҢСЫЗ БАЛЫҚ АУЛАҒАНДАР ЖАЗАЛАНАДЫ

Атырау облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметінің дерегіне сүйенсек, балық қорына қылмыстық қол сұғушылыққа қарсы күрес бөлімінің қызметкерлері 1 сәуірден бері браконьерлік іс-әрекеттің, бекіре тұқымдас және басқа балық түрлерін заңсыз аулауға қатысты 101 деректі анықтаған.

– «Бекіре – 2025» кеңауқымды балық қорғау акциясы аясында заңсыз айналымға байланысты 101 құқық бұзушылық тіркелді. Ал 6 іс құжаты бойынша күдіктілердің іс-әрекетінде

қылмыс құрамы анықталды. Қазір сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізіліп жатыр. Құқық бұзушылардан 1 қайық, 26 тор құрал, 1 тонна 637 келі балық өнімдері тәркіленді. Оның ішінде 311 келі бекіре тұқымдас балық пен 2 келіден астам бекіре балығының уылдырығы бар, – деп хабарлады департаменттің баспасөз қызметі.

С.АСҚАР
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ҚАДАҒАЛАУ

41,6 МЛН ТЕҢГЕ ӨНДІРІЛДІ

Шымкент қаласы Тұран ауданының прокуратурасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу заңдылығына жүргізген мониторинг нәтижесінде Мемлекеттік кірістер басқармасы жалпы сомасы 709,5 млн теңгеге жалған шот-фактуралар жазып берген 5 салық төлеушіге қатысты 5 әкімшілік

құқық бұзушылық туралы істі заңсыз тоқтатқанын анықтады.

– Прокурорлық қадағалау актілері бойынша жоғарыда көрсетілген істерді тоқтату туралы қаулылардың күші жойылды. Сонымен қатар жалған шот-фактура жазып берген салық төлеушілерге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ко-

декстің 280-бабы (Жалған шот-фактура жазып беру) бойынша жалпы сомасы 85,1 млн теңге әкімшілік айыппұл салынды, – делінген қалалық прокуратура хабарламасында. Қазір 41,6 млн теңге өндіріліп, мемлекеттің материалдық мүдесі қорғалды.

А.МӘУЛЕНБАЙ
ШЫМКЕНТ

Архат ЖАҒЫПАР,
Жарма аудандық сотының судьясы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ТАРАТУ

3. «Altyn plus 2» ЖШС (БСН 230440006065) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, 010000, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 35-үй, 42-пәтер, тел. 87775130777.

4. «ИнтерКонтСервис» ЖШС (БСН 180240030172) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, 10-шағын ауданы, 6-үй, 15-пәтер, тел. 87718497888.

6. «Кредитное товарищество «Сенген топ» ЖШС (БСН 120440021902) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Тасқала ауданы, Шежін ауылдық округі, Шежін-2 ауылы, Карменов көшесі, 31/1 үй.

8. «S.M.A.G» БЕРЕКЕ Логистик» ЖШС (БСН 230540036491) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, 1-шағын ауданы, Салпық би көшесі, 61-үй, тел. 87712584467.

10. «BEK Elite Group» ЖШС (БСН 230240022242) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 24-үй, пошта индексі 160300.

11. «Hoshiis» ЖШС (БСН 221240020089) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жуалы көшесі, 21-үй, 93-пәтер, тел. 87714449952.

12. «iStartUp.kz» Қазақстан стартаптар, инвесторлар мен сарапшылар қоғамдастығы» қоғамдық қоры (БСН 121240001448) өз қызметін тоқтататынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 21-үй, 96-пәтер, тел. 87055556527.

ӘРТҮРЛІ

5. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі – жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамаға арналған телефоны: +77023218686, Лиц. 01.21.0009Л.

9. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі (БСН 070740012675) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

13. «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Астана қаласындағы өкілдігінің (БСН 130742022082) Ережесі жоғалды. Осы құжатты тауып алған жағдайда мына телефон нөміріне: 87017293534 хабарласуыңызды сұраймыз. Мекенжай: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 8, кабинет 203.

14. «Достық Жер МК» ЖШС (БСН 080240010157) өзінің жарғылық капиталының азаюы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, III-Интернационал ауылы, Коркыт Ата көшесі, 1. Тел: 87778457171, 87770591171.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2025 жылдың 3 сәуірінде қайтыс болған Жуманиязов Спандиярдың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 416 ғимарат, 210-211-кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 87071624991, 87781624993.

7. 2021 жылдың 3 шілдесінде қайтыс болған Әбілмәжін Батырғазының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Е.М. Абданбековке келулеріңіз керек. Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандосов көшесі, 82-үй, 79-кеңсе, тел. 87078408848.

БІТІМ

Қазыналы қарттар, абыз ақсақалдар бата бергенде «Ел іші даудан аман болсын!» деп жатады. Бұл елдіктің тұғыры берік болсын деген ізгі тілектен, ұлы мұраттан туған қанатты сөз болса керек. Дегенмен, қай заманда да ел ішінде түйткілді мәселелер болған. Мұндай кезде ертедегі көшпенді ел келелі жиын өткізіп, мәселені ой талқыға салған.

БИЛЕР ДАНАЛЫҒЫ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Қазақ даласында билер билігі салтанат құрып тұрған кезде, кез келген дау бір ауыз сөзбен түйінделіп отырғаны мәлім. Төле, Қазыбек, Әйтеке билерден қалған даналық, тапқырлық бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еді. Мәселен, Қазыбек бидің қазақ пен қалмақтың қалың қолы ұрыс даласында шеп құрып тұрғанда айтқан әйгілі сөзі бітімгерліктің нағыз үлгісі. «Сен темір де, біз көмір, еріткелі келгенбіз. Екі еліктің лағын, теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге, танысқалы келгенбіз. Қазақ-қалмақ баласы, табысқалы келгенбіз...» деген тоқсан ауыз сөздегі тобықтай түйін ел іргесін жаудан аман сақтап қалды.

Қазақ даласындағы билер институты – медиация саласының түп қазығы.

Медиация қарапайым тілмен айтқанда бітімгершілік, яғни белгілі бір мәселе бойынша келіспеушілік, дау туындаған жағдайда жеке немесе заңды тұлғалар, оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады. Медиация тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиаторлардың жәрдемдесуімен дауды реттеу рәсімі. Қос тарап бірдей қолдайтын шешім – әділ шешім. Осыдан көріп тұрғанымыздай, медиация – біртұтастыққа жол ашады.

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

ЖЕТІСУ

САҚШЫЛАР ӘРҚАШАН САПТА

Мамыр айындағы мерекелерге орай жетісулық сақшылар күшейтілген қауіпсіздік режимінде жұмыс істеуде. Мұндай шара мейрам күндері облыс тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолға алынып отыр.

«Полиция әрқашан қызметте! Әрқашан сапта! Тәртіп сақшылары «Заң және тәртіп» қағидасын басшылыққа алған жетісулық полицейлер баршаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әзір. Адамдар көп шоғырланатын орындарда, көшелерде, алаңдарда және қоғамдық көліктерде патрульдердің саны арттырылып, бейнебақылау күшейтілді. Осыған орай сақшылар азаматтарды қырағы болуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қажет болған жағдайда көмекке жүгінуге шақырады.

С.ӘЙТЕНОВА

АТЫРАУ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Кәмелетке толмағандардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау міндет. Жыл басынан бері Атырау қаласының прокуратурасы 200-ден астам баланың құқығын қорғады. Жергілікті атқарушы органдар мен полицияның 24 қызметкері тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Мысалы, полиция қызметкерлері кәмелет жасына толмағандарға қатысты қорғаушының қатысуынсыз әкімшілік хаттама жасақтаған. Прокуратураның наразылығы негізінде 197 хаттаманың күші жойылды. Сонымен қатар мүгедектігі бар үйден оқитын балаларға жәрдемақы төленбегені, заңмен белгіленген нормаға сәйкес жетім балаларды мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін үй кезегіне қоймағаны туралы деректер анықталды. Прокурорлық қадағалау актілері негізінде 3 жетім бала тұрғын үй алуға кезекке тұрғызылды, 7 мүгедектігі бар үйден оқитын балаларға жәрдемақы төленді.

Атырау облысының прокуратурасы

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы,Ақтолықн көшесі,4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева». Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.